

М.К. Суюндикова
Е. Жуматаева

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар, Қазақстан
(E-mail: margissat@mail.ru; engilika_zhumataeva@mail.ru)

Креативтік ойлауды дамытудағы когнитивтік функциялардың өзара байланысы

Аңдатпа. Мақалада креативті ойлай алатын тұлғаны қалыптастыру үшін оның когнитивтік қабілетін бүгінгі күннің талабына сай дамыту қажеттілігі қарастырылады. Қабылдау, түйсік, зейін, ес, қиял, сөйлеу сияқты когнитивтік функциялар жеке-жеке қарастырылып, олардың креативтік ойлауды дамытудағы маңызы талданады. Бүгінгі таңда адамдардың когнитивтік функцияларының әлсіреуі олардың креативтік ойлау қабілетінің дамуына бірден-бір кедергі болып отыр. Негізгі мақсат аталған когнитивтік функциялардың адам бойында дамымай жатқан кем тұстарын сараптау, себептерін анықтау және оларды дамытуға қатысты ұсыныстар беру. Когнитивтік процестердің ойлаумен бірге біте қайнасып жатқан тұтас бір құрылым ретінде жұмыс істейтінін көрсетіледі. Когнитивтік функциялардың имплициттік, мәнділік, сұрыптылық және тәуелділік тұстары анықталады. Оқу орындарында оқушылар мен студенттерді тек пәнге емес, ең бастысы, тыңдай білуге, есте сақтауға, зейінді шоғырландыруға, проблемаларды шеше білуге үйрету идеясы ұсынылады.

Түйін сөздер: креативтік ойлау, когнитивтік функциялар, қабылдау, зейін, ес, қиял, ырықсыздық, мәнділік.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2020-133-4-123-130>

Түсті: 14.05.2020 / Жарияланымға рұқсат етілді: 28.07.2020

Кіріспе. Адамзат тұрақты, нақты SPOD-заманнан тұрақсыз, өзгермелі VUCA-заманға ауысуда. «SPOD» және «VUCA» сөздерін тарататын болсақ, Steady – тұрақты, Predicable – болжамды, Ordinary – қарапайым, Definite – нақты, ал Volatility – тұрақсыз, өзгермелі, Uncertainty – белгісіз, Complexity – күрделі, Ambiguity – түсініксіз дегенді білдіреді. Бүгінгі таңда осынша жылдам өзгеріп тұратын, белгісіз, күрделі заманда біздің алдымыздан үйреншікті тәсілмен шешілмейтін күрделі проблемалар шығуда. Мұндай проблемаларды тек қана бейстандарт, өзгеше тәсілдерді қолдана отырып шешу мүмкін болады. Демек, креативті идеялар туындауы керек. Ал, креативті идеялар мен шешімдерге қол жеткізу үшін адамның бойында креативті ойлауға қажет қабілет пен дағдылардың болуы шарт.

Креативтік ойлау дағдылары ойлаудың фундаменталды, құрамдас компоненттері болып табылатын қабылдау, түйсік, зейін, ес, қиял, сөйлеу сияқты когнитивтік функциялар арқылы дамиды.

Негізгі бөлім. Қабылдау, түйсік, зейін – қоршаған дүниеден ақпарат алудың перцептивті процестері. Адам баласы қоршаған дүниені визуал, аудиал және сенсор жүйелері арқылы қабылдайды. Егер көру, есту, сезу, дене, иіс, дәм арқылы қабылдауда ақпаратты алатын, танитын болсақ, ал кеңістікті қабылдау – біздің қоршаған дүниемен байланысымызды бағалауға, форманы қабылдау – объектінің пішіні мен контрастылығы бойынша оның көлемі мен түрі туралы ақпарат алуға, уақыт-

ты қабылдау – уақыттағы стимуляция өзгерістерін қабылдауға, қозғалысты қабылдау – денеміздің немесе бізді қоршаған кеңістіктегі заттардың қозғалысы мен жылдамдығы туралы ақпаратты қабылдауға септігін типізеді. Ақпаратты қабылдағанда пайда болатын образдарды (визуалды, аудиалды, кинестетикалық және т.б.) түр, идея, түсінік, заңдылықтар деп атаймыз. Миымызда біркелкі және ұқсас қасиеттеріне қарай заттардың аналогиясы пайда болады. Негізінен, мидың сол жағы көптеген таныс категориялардың ішінен заттарды идентификациялауға және объектілерді тануға жауап береді, сондай-ақ, жалпыланған түрде, образдар немесе заңдылықтар түрінде жинақталған тәжірибенің сақталатын қоймасы болып табылады. Ал, мидың оң жағы заттардың ерекшеліктерін идентификациялауға жауап береді. Үнемі өзгеріп тұратын, күрделі заманда тығырықтан шығатын жол таба білу үшін екеуі де өте маңызды.

Қоршаған дүниені қабылдау сыртқы және ішкі факторлар бойынша жүзеге асады. Сыртқы фактор бойынша қабылдау көлеміне, жаңашылдығына, танымалдығына, қайталануына, жиілігіне, контрастылығына қарай болады. Ал ішкі факторлар бойынша адам қоршаған дүниені өзінің өткен тәжірибесін, қалыптасқан заңдылықтарын негізге алып қабылдайды, тіпті, кейде жаңсақ қабылдайды деуге болады. Австралиялық нейробиолог Аллан Снайдер тәжірибесінің негізінде мидың сол жағында болатын заңдылықтардың пайдасы мен зиянына тоқталады. Ол заңдылықтар, бір жағынан, дүниені категориялар арқылы тануға көмектессе, екінші жағынан, сол заңдылықтардың шеңберінен шыға алмай дүниені жаңсақ қабылдау қаупі бар екендігін атап көрсетеді. Заңдылықтардың салдарынан шынайы дүниені емес, адам өзі күткен, көргісі келген дүниені қабылдайды. Өзіне қажет, маңызды деп санайтын дүниені қабылдайды. Қабылдауды қалыптастқан заңдылықтар әсерінен босату арқылы ғана дүниені барынша дәлірек қабылдауға, сезінуге жаңа мүмкіндер туындайды. Аллан Снайдердің айтуынша, адамның бойында тума дарындылық бар

және ол мидың оң жағында орналасқан. Оны тек мидың сол жақ әсерін шектеу арқылы босатуға болады дейді [1, 49-50 б.].

«Мен және қоршаған дүние» концепциясына сүйене отырып, адам қоршаған дүниені көбіне өзінің жеке басына қарасты қабылдайды. Оптимистер дүниені жағымды қабылдаса, пессимистер жағымсыз қабылдайды. Бұдан біздің қабылдауымыздың таңдамалы екенін түсінеміз. Адам өзінің құндылықтарына, қажеттіліктеріне сай келетін ақпаратты жылдам қабылдайды да, ал психикасына қауіп төндіретін оқиғалар мен ақпаратты одан бетер жылдам қабылдайды. Оның есесіне ойынан шықпаған, қажеттілігіне сай келмейтінді, бейтаныс, жаңа нәрселерді онша қабылдай қоймайды.

Қабылдау интеллекті бойынша дүниетанымның жан-жақтылығы мен тереңдігін, кеңістікті меңгеру аумағын, адамның ішкі дүниесінің сыртқы дүниеге адекваттылығы деңгейін анықтауға болады. Ол үшін адам, ең алдымен, өзін, өзінің ішкі жан дүниесін түсініп, содан кейін барып өзін сол қоршаған дүниенің бір бөлігі ретінде қабылдауы қажет. Тұтастай қабылдау дегеніміз – шынайы дүниені бөліп-жармай, тұтастай қабылдай алу қабілеті. Қабылдау басқа танымдық компоненттерге: ойлауға, зейінге, қиялға және шешім қабылдауға ақпарат жинаумен айналысады. Ақпаратты қабылдай отырып, адам оған эмоционалдық тұрғыдан жауап қайтарады, оны қорытады, сөйтіп, алған ақпаратты өзінше түсіндіреді. Ең маңыздысы, адамның қоршаған дүниені, детальдарды, қарама-қайшылықтарды қаншалықты терең түсінуінде. Себебі ерекше детальдарды, қарама-қайшылықтарды, белгісіздікті қабылдау, қабылдағыштық, сезімталдық, дисгармонияны өткір қабылдау қабілеті, сонымен қатар, бір идеядан екінші бір идеяға икемдене және жылдам ауысуға дайын болу креативтік ойлаудың басты көрсеткіштері болып табылады.

Креативтілік дегеніміз – дүниені қабылдау функциясы, дүниені қабылдау шеңберін кеңейту мен мазмұнын байытудың, оқиғаларды өзінше түсіндіру мен танымдық процесс

икемділігінің нәтижесі. Сөйтіп, адам дүниесінің картасы пайда болады. Адам дүниесінің картасы негізінде оның сенсорлық тәжірибесі, сезім органдарынан алған ақпараты жатады. Адам дүниесінің картасы қаншалықты кең әрі бай болса, оның креативтілікке деген мүмкіндіктері де соншалықты көп болмақ [2].

Жаңа білім, инновациялар мен небір креативті идеялар бұрын алынған ақпараттың негізінде пайда болатыны белгілі. Бірақ жинақталған білімнің, ақпараттың негізінде туындаған проблеманың шешімін табу мүмкін еместігін түйсігімен сезінген жағдайда немесе тұлғаның бойында өзін-өзі көрсетуге деген қажеттілік туындағанда шығармашылық ізденіс басталады. Бірақ бұл креативті, жаңа идеялар тудыру үшін жинақталған білімнен, түсініктерден, заңдылықтардан толықтай бас тартуды емес, көбінесе, ескі білімнің жаңа білімге бірте-бірте трансформациялануын, ескі мен жаңаның арасында тығыз байланыс бар екендігін білдіреді.

Зейін – маңызды танымдық қабілеттердің бірі. Адамға күн сайын ағыл-тегіл құйылып жатқан ақпараттар легін қабылдауға тура келеді. Бірақ бәрін емес, соның ішінен бастысын, маңыздысын есте сақтау үшін зейінді жұмылдыра білу керек. Қазіргі кезде адамға зейінін ұзақ уақыт бойы бір іске жұмылдыру үшін оны сол істен алаңдататын факторларды тежеу күннен күнге қиынға соғуда. Бұған себеп - адамдардың зейіннің басты кілті болып табылатын мидың филтреден өткізу қабілетін жоғалтуында. Ал, креативтік ойлауды дамыту үшін маңызды болып саналатын зейіннің негізгі қасиеттері: 1) зейіннің шоғырлануы – бір объектіге зейінді тұрақтату және басқаны елемей қабілеті; 2) зейіннің бөлінушілігі – санада бірнеше әртүрлі объектіні ұстай алу қабілеті; 3) зейіннің аударылуы – назарды бір объектіден екінші объектіге жылдам көшіре білу [3, 236-238 б.].

Бүгінгі таңда, әсіресе, зейінді шоғырландыру мен зейінді жұмылдыруға аса көп мән берілуде. Креативтік ойлауды дамыту үшін, бір жағынан, зейіннің алғырлығы, зейінді кең жұмылдыру, зейінді жылдам көшіре білу, зейіннің бөлінушілігі мен тұрақтылығы жоғары деңгейде болуы қажет. Ал, екінші жағынан, зейінді тек бір объектіге не болмаса бір проблеманы шешуге тұрақтандыру, жұмылдыру жан-жағына қарауға, басқа объектілермен өзгеше байланысын табуға мүмкіндік бермейді, фантазияға кедергі жасайды, ассоциативті ойландырмайды, миды жаңа нәрсе тудыруға ынталандырмайды, ақпаратты қабылдау өткірлігі төмендейді, инсайт пен шабыт келмейді. Олай болатын болса, зейінді жұмылдырудан босатып, миға демалыс беру керек шығар? Иә, босаңсығанда ғана адамның ойы шарықтап, стандартты емес шешімдер табуға, құбылыстар арасындағы байланыстарды байқауға, түрлі ерекшеліктерге назар аударуға жағдай туындап, сонда бойына шабыт келуі мүмкін. Шабыт пен инсайт креативтік процеске қажетті компоненттер. Ол үшін өзгеше, ерекше нәрсенің, жаңаның бәріне назар аударуға көмектесетін тұлғаның жаңашылдыққа деген қызығушылығы болуы керек.

Бұл ретте, «Зейінді жұмылдыру, тұрақтандыру керек пе, әлде керек емес пе?» деген сауал туындамайды. Екеуі де қажет, оларды алма-кезек қолдана алғанда креативті шешімді табуға болады. Проблеманы креативті шешу үшін қабылдауды, түйсікті және зейінді толыққанды пайдалана алған жөн.

Креативтік ойлауға қажет келесі когнитивтік қабілет – *ес (жады)*. Ес немен айналысады? Ес қабылдау арқылы алынған ақпаратты есте сақтайды, жинақтайды, қорытылған және меңгерілген ақпаратты сақтап, кейін оны еске түсіреді. Еске түсіргенде ақпарат жартылай, толық емес болуы немесе ұмыт болғаннан мүлде жоғалып кетуі де мүмкін. Негізі, ес жаңа, тіпті, креативті ештеңе тудырмайды, тек қана бар білімді сақтайды және еске түсіреді. Мұндай жағдайда есті контркреативті ме деп ойлап қалуға болады. Бірақ бұл – жаңсақ пікір. Негізінен, ес ойлау қызметінің ақпараттық банкі болып табылады. Ақпараттық банк дегенде, мәселе оның көлемі не болмаса сыйымдылығында емес, естегі ақпараттың әртүрлілігінде болып отыр.

Иллинойс университетінің психологтары өздерінің жасаған ғылыми зерттеулерінің

негізінде оперативті естің жоғары сыйымдылығы математикалық есептерді шығаруға көмектесетінін, бірақ проблеманы шығармашылық тұрғыдан шешуге кедергі болатынын анықтап, шығармашыл проблемаларды шешу үшін әртүрлі ақпараттың жаңаша комбинациясы керектігін айтқан. Ес ассоциациялар, көру, есту, моторлы, иіс, дәм, әйдет образдары сияқты әртүрлі ақпаратқа бай болғанда, ойлау қызметі де өнімді және креативті болады.

Ес – мнемоникалық процесс. Мнемоника («*mnemonikon*» грек сөзінен) – есте сақтау өнері дегенді білдіреді. Технология мен интернеттің дамуымен адамдарда бұл өнерді игеру ниеті де жоғалуда. Есте сақтап жатқан гөрі Google-ден қарай салған жеңіл. Өкінішке орай, есте сақталған жұтаң және шаблонды ақпарат адамның креативті ойлауына мүмкіндік бере қоймайды. Ойлау қызметін жүзеге асыру үшін оған тұрарлықтай ақпарат қажет.

Стресстен басқа еске кері әсерін тигізетін тағы бір себеп ол – жақсы көңіл-күй. Адамдардың көбі көңіл көтергенді, қызықтап қарап отырғанды, дырдумен күн кешіргенді ұнатады. 2011 жылы Миссурий (Колумбия) университетінің зерттеушісі Элизабет Мартин үнемі жақсы көңіл-күйде болудың ұмытшақтыққа әкеп соғатынын анықтаған. Зерттеу қатысушыларын екі топқа бөліп, біріне комедиялық шоу, екіншісіне – еденге төсеме салу туралы видео көрсеткен. Көріп болғаннан кейін қатысушыларға сандардың комбинациясын есте сақтауға арналған тест берген. Тесті ойын-сауық бағдарламасын көргендер үнемі нашар орындап отырған.

Қазіргі кезде есті дамыту проблемасы көкейкесті болып отыр. Есті дамытуға септігін тигізетін түрлі мнемоникалық әдістер мен ақпаратты меңгеру тәсілдері, естің мнемоникалық заңдары пайдаланылады. Себебі есте сақтау қабілетінің төмендеуі бірден ақыл-ой қызметінің төмендеуін әкеп соғады.

Қабылдау, зейін мен ес сияқты когнитивтік функциялар туралы айтқанда, міндетті түрде имплициттілікке, мәнділікке, сұрыптылыққа және тәуелділікке тоқталғанымыз дұрыс.

Имплициттілік (ырықсыздық) аталған когнитивтік процестердің бәрінде бар. Ырықсыз қабылдау, ырықсыз зейін мен ырықсыз ес санадан тыс жұмыс істейді және осы имплицитті когнитивтік процестердің нәтижесінде алынатын ақпарат санамыздың түкпірінде сақталып қалады. Уәждеме, эмоция не болмаса кез келген импульс имплицитті ақпараттың белсенді ақпаратқа айналуына түрткі бола алады. Ырықты қабылдауды, зейінді және эксплицитті есті дамыта отырып, біз оның түпсаналық жағын да қоса дамытамыз. Дәл осындай санамыздың түбінде жатқан ақпарат креативті идеяның, шешімнің кілті бола алады.

Мәнділік. Адам ненің мәнді, ненің мәнсіз екенін өзі шешеді және соған сай әрекет етеді. Мәнділікті анықтай білудің маңызы өте зор. Ми орталық басқару, енжар режимі, танымдық пен эмоционалдық функциялар желілерінен тұрады. Орталық басқару желісі танымды басқарады. Танымдық сипаттағы бір тапсырманы шешу үшін қатты, саналы және мақсатты түрде ойланғанда осы желідегі ми бөліктері бірлесіп жұмыс істей бастайды. Бұл желі «тапсырмаға оң бағытталған» деп аталады. Ми жұмысының енжар режимі желісі сырттан келген тапсырманың біреуі де танымдық процестерді іске қоспаған жағдайда белсенділік таныта бастайды. Бұл кезде ми – өзіне-өзі басшы. Сондықтан оны «тапсырмаға теріс бағытталған» деп атайды. Енді ми сырттан келген тапсырманың емес, ішкі дүниесінің және ішке бағытталған тапсырманың әсерінен жұмыс істей бастайды. Орталық басқару желісі – сыртқы дүниенің, ал енжар режим желісі – ішкі дүниенің ақпаратын қорытумен айналысса, үшінші танымдық пен эмоционалдық функциялар желісі орталық басқару мен енжар режим желілерінің өзара әрекеттестігін қамтамасыз етеді. Ми орталық басқару желісінен енжар режим желісіне көшіп отырады. Сырттан міндеттелген проблеманы шешкенде сыртқы мәнділік, ішкі дүние проблемасын шешкенде ішкі мәнділік пайда болады. Енжар режим желісінің осындай күйін «ой адасуы» деп атайды. Дәл

осындай күйде болғанда, адамның миы жан дүниесінің түкпір-түкпіріне бойлап, өткенді де, болашақты да, өзімен, басқалармен қарыс-қатынасы туралы да ойлайды, небір күрделі проблеманың ерекше шешімін қабылдауға қабілетті болады [4, 458–469 б]. Ішкі және сыртқы мәнділік сұрыптылықпен тікелей байланысты. Сұрыптылықтың зейінге де, есте сақтауға да қатысы бар. Көбінесе, алдымен, сырттан келген ақпараттың мәнділігі анықталады, сосын сұрыпталады. Сұрыпталған ақпарат ұзақмерзімді есте сақталу үшін ол не жиі қолданыста болу керек, не әуелден ерекше маңызға ие болу керек. Адам баласы сұрыптау қабілетінен айрылғанда, пайдалы мен зияндыны, маңызды мен маңызсызды, мәнді мен мәнсізді айыра алмайды. Сол кезде оның мінез-құлқы өзіне қарсы жұмыс істеп, өзіне-өзі зиян келтіреді, өзін-өзі құрбан етеді. Адамда бір нәрсеге тәуелділік пайда болады. Мысалы, интернетке тәуелділік, әлеуметтік желіге тәуелділік, виртуалды дүниеге тәуелділік, телефонға тәуелділік және т.б. Тәуелділіктің салдарынан адам креативтік ойлаудың басты талабы болып саналатын ой икемділігінен айрылып, стереотипті ойлауға бейім болады. Өкінішке орай, адамдардың ағыл-тегіл түсіп жатқан ақпараттың мәнділігін, маңыздылығын, қажеттілігін анықтамай, сұрыптамай пайдалануы олардың ойлау қабілетіне үлкен зиян тигізуде.

Қиял. Көру есі, есту есі, кинестикалық ес, кеңістіктікес және естіңбасқа түрлері қиялдың жұмысын ынталандырады және креативтілікке оң әсер етеді. Адамдардың басым көпшілігі өздерінің өмірде қажет болатын практикалық дағдыларын дамытады да, қиялын дамытумен айналыспайды. Себебі бұны жеңілтек, қажетсіз, пайдасы жоқ іс деп есептейді. Шын мәнінде, тек қиял ғана адамға шексіз еркіндік беріп шаблоннан тыс, стандартты емес ойлауға көмектесе алады. Адам өзінің күмәнімен, жалқаулығымен, өзіне деген сенімсіздігімен, қорқынышымен қиялын шектейді. Қиялдау арқылы креативті ойлау үшін адамның эмоционалдық, физикалық және ішкі күйі соған сай болуы керек. Ол өзіне қиялдауға мұрсат

беріп, өзіне-өзі сұрақ қойып, сол сұраққа жауап беру үшін қиялдың жетегіне еру керек. Қиялын армандаған мақсатына бағыттауы, өзіне еркіндік беруі, босаңсуы адамның ойын сансаққа жүгіртіп, небір ерекше идеяларға әкелуі мүмкін. Қиялдау үшін адам тұратын ортаның да маңызы зор. Қиялдау үшін, фантазияға бой ұру үшін кісілердің сөзінен, қарсылығынан қорықпауы тиіс.

Қиял идеяны визуалдаумен тікелей байланысты. Образды жасау, көру, сезу, сезіну үшін сенсорлық жүйені – визуалды, аудиалды, моторлы, иіс, тері мен дәм сезімдерін пайдалану қажет. Қиял образдары есте сақталған ақпаратқа және өткен тәжірибеге сүйенеді. Пайданылған ақпарат күрделі процестердің көмегімен қорытылып небір өзгеріске ұшырап, соның нәтижесінде мүлде жаңа образдар пайда болады. Біз образдарды визуалдай аламыз ба, көз алдымызға елестете аламыз ба? Қиялдай алмау проблемасы адамдардың көбінде бар. Біреу қиялдай алса, енді біреудің қолынан қиялдау мүлде келмейді. Оған дайын образы бар визуалды материал ұсынатын бүгінгі теледидар да зиянын тигізуде. Адам күрделі, стандартты емес проблемамен бетпе-бет кездескенде қиялына бөгет жасайтын дайын образдардан құтыла алмағандықтан, оны шешуге қауқарсыз. Кітап оқу мен радио тыңдау адамның қиялын дамытады, ал теледидар қиялға кері әсер етеді. Д.Дидро айтқандай: «Қиял! Осы қасиетсіз ақын да, философ та, ақылды адам да, тіпті, қарапайым адам да бола алмайсың». Себебі қиялдау қабілеті тек адамға ғана тән және бүгінгі құбылмалы заманда күрделі, стандартты емес проблемаларды шешу үшін таптырмас қасиет. Қиялдың басты мәні – дүниені түрлендіру. Адам өзінің қиялын дамыта білуі керек, қиялын басқара алуы керек және оны өзінің тұрақты көмекшісі қылуы керек.

Юваль Ной Харари өзінің ««Sapiens. Адамзаттың қысқаша тарихы» атты кітабында «таным төңкерісінің» табиғаты туралы сөз қозғайды. Оның айтуынша, осыдан шамамен 70 мың жыл бұрын болған жаңалықтар жарылысынан, қайықтың, майшамның, садақ

пен жебенің, иненің және т.б. пайда болуынан басталған процесс, ақырында «бүгінгі адамның» қалыптасуына әкелгенін көрсетеді [5]. Дүниеде қандай зат болмасын, адамның қиялынан туындаған.

Қиял проблемасының түрлі аспектілерін Л. С. Выготский, Д. Б. Эльконин, А. В. Запорожец, А. И. Леонтьев, А. В. Петровский, Д. В. Менджерицкая және басқа ғалымдар зерттеген. Л. С. Выготскийдің концепциясы қиялды «мидың комбинаторлық (құрамдаушы) қабілетіне» негізделген шығармашылық қызмет деген түсінікке құрылған. Ол өз зерттеулерінде жас адамның өмірлік тәжірибесі ересек адамға қарағанда аз болғандықтан, қиялы жұтаң болатындығын көрсеткен. Адамның жан-жақты, әртүрлі, бай тәжірибесі қиялдауға, фантазияға жақсы материал ұсына алады. Қиялды дамыту тәжірибеге, сондай-ақ, қажеттілік пен қызығушылыққа, ортаға, комбинаторлық қабілетке байланысты. Адам комбинаторлық қабілетін ұштап, көп жаттығуы керек. Жаңа түсініктер, концепциялар жасауға, креативтілікке ескі идеялар элементтерінен жаңа конфигурациялар құрастыру білу қабілеті өте қажет.

Сөйлеу, тіл – қоршаған дүниені сипаттайтын, көрсететін керемет когнитивтік құрал. Сөз болмағанда, сөйлей алмағанда адам баласы бір-бірімен қарым-қатынас жасай алмас еді, өзінің ойын жеткізе алмас еді. Тілдің басқа коммуникативтік жүйелерден айырмашылығы – оның жасампаздығында, соның көмегімен сансыз көп сөздер, сөздерден сөз тіркестері, сөз тіркестерінен лингвистикалық құрылымдар, сөйлемдер жасалады. Ойымыз сөзде, сөз тіркесінде, құрылымда, сөйлемде көрініс табады, сол арқылы жүзеге асады. Сөздік қорымыз бай, ойымыз терең, әрі ерекше, шешендік өнерді меңгеру деңгейіміз жоғары болғаны жөн. Атам қазақ шешендік өнерді керемет меңгерген халық болған. Қазақта «тұяғымнан сүріндірсең де, сөзімнен сүріндіре көрме» деген сөз бар. Қазақ сөзді қадірлей білген, сөзге тоқтай білген, сөз саптай білген, сөзге шешен болған. Шешендік өнер дегеніміз – ойын қиыннан қиыстырып, шебер айта білу, тыңдаушысын сендіре,

иландыра білу. Жалпы, сөйлеу өнері шығармашылықты, креативтілікті қажет етеді. Креативтілік ойталқы, пікірталас, келіссөз кезінде, жалпы әңгіме барысында сапалы, әрі аяқ астынан аргумент табуға көмектеседі. Стив Джобс өзінің шығарған тауарын көпшілікке ұсынғанда, оны сөзбен креативті жеткізе алғанымен бизнес тарихында қалғаны белгілі.

Өкінішке орай, қазіргі кезде адамдардың көбі сөйлеуден, әсіресе, қазақша сөйлеуден қалып бара жатыр. Тілі шорқақ, сөзі қарабайыр, ойы жұтаң болуда. Тіл мен ойдың арасында тығыз байланыс жатыр. Сөйлегенде ойдың икемділігі, жылдамдығы, белсенділігі, ұшқырлығы, дербестігі, кеңдігі, мазмұндылығы байқалады. Бұның бәрі креативтік ойлауға бірден-бір қажет компоненттер.

Қорытынды. Жоғарыда айтылғанды қорыта келе, жоғарыда сөз болған қабылдау, түйсік, зейін, ес, қиял, сөйлеу сияқты когнитивтік процестер ойлаумен біте қайнасып жататынын, тұтас бір құрылым ретінде жұмыс істейтінін айтуға болады. Бүгінгі заман талабына сай адамдарға креативті ойлау неге қиынға соғып отыр? Бұған бірден-бір себеп – адамдардың когнитивтік функцияларының әлсіреуі. Қабылдау, түйсік, зейін, ес, қиял, сөйлеу когнитивтік қабілеттерін дамытқанда ғана ойлауды дамыту мүмкін болады. Адамдарда ойлау әдеті, одан бара ойлау мәдениеті қалыптасуы керек. Соңғы кездері ойдан тың нәрсе ойлап шығармақ түгіл, бар технологияны толыққанды пайдалану қиынға соғып жатады. Жаңа технологияны пайдалану үшін де ойлана білу керек. Мұның астарында жатқан себептер: біріншіден, адам өзінің когнитивтік қабілетін дамытпауы, екінші жағынан – оқу орнының олқылығы. Марсқа кеме ұшырып, технология керемет дамып жатқан заманда оқу орындары әлі күнге дейін өткен ғасырдың әдіс-тәсілдерін пайдаланады. Заманауи оқу орындары оқушыларды, студенттерді тек қана пәнге емес, сонымен қатар, оқуға, тыңдауға, есте сақтауға, зейінді жұмылдыруға, шоғырландыруға, ойлануға, проблемаларды шешуге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға үйреткенде креативтік ойлау өнімі болып табылатын креативтік идеялар мен шешімдерді табу жеңілірек болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Голдберг Э. Креативный мозг. Как рождаются идеи, меняющие мир. – Москва: Эксмо, 2019.
2. Дилтс Р. НЛП: управление креативностью / Р. Дилтс. – СПб.: Питер, 2003. – 416 с.
3. Психология: Энциклопедиялық сөздік./ Бас ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.
4. J. Smallwood, E. M. Beech, J. W. Schooler and T. C. Handy, «Going AWOL in the Brain – Mind Wandering Reduces Cortical Analysis of the Task Environment», *Journal of Cognitive Neuroscience* 20 (2008): 458–469.
5. Юваль Ной Харари, *Sapiens. Краткая история человечества*. Москва: Издательство «Синдбад», 2016. – 512 с.

References

1. Goldberg Je. *Kreativnyj mozg. Kak rozhdayutsja idei, menjajushhie mir* [Creative brain. How the ideas that change the world are born] (Jeksmo, Moscow, 2019).
2. Dilts R. *NLP: upravlenie kreativnost'ju* [NLP: creativity management] (Piter, Saint Petersburg, 2003, 416 p.).
3. Zhakyp B.O. *Psihologija: Jenciklopedijalyk sozdik* [Psychology: Encyclopedic Dictionary] (Kazak jenciklopedijasy, Almaty, 2011).
4. Smallwood J., Beech E. M., Schooler J. W., Handy T. C. *Going AWOL in the Brain - Mind Wandering Reduces Cortical Analysis of the Task Environment*, *Journal of Cognitive Neuroscience* 20, 458–469 (2008).
5. Harari Juval' Noj. *Sapiens. Kratkaja istorija chelovechestva* [Sapiens. A brief history of humanity] (Publishing house «Sindbad», Moscow, 2016, 512 p.).

M.K. Suyundikova, E. Zhumatayeva

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar, Kazakhstan

The relationship of cognitive functions in the development of creative thinking The relationship between cognitive functions in the development of creative thinking

Abstract. In the article, the need for the development of cognitive abilities is discussed in accordance with modern needs in order to form creative personality. The authors consider such cognitive functions as perception, sensation, attention, memory, imagination, speech, which play an important role in the formation of creative thinking. Today, a decrease in cognitive functions in humans is a barrier to the development of creative thinking. The purpose of this article is to analyze the causes of cognitive decline, to order recommendations for addressing these causes and the development of cognitive abilities. The relationship between thinking and cognitive functions has been explained, reflecting the activity of the brain as a unified holistic structure. The sides of cognitive functions such as implicitness, relevance, selectivity and dependency have been highlighted. The idea of teaching pupils and students in educational institutions not only to the subject, but to the ability to listen, remember, concentrate and solve problems is put forward.

Key words: creative thinking, cognitive functions, perception, attention, memory, imagination, implicitness, significance.

М.К. Суюндикова, Е. Жуматаева

Павлодарский государственный университет имени С.Торайгырова, Павлодар, Казахстан

Взаимосвязь когнитивных функций при развитии креативного мышления

Аннотация. В статье рассматривается необходимость развития когнитивных способностей в соответствии с потребностями сегодняшнего времени с целью формирования креативной личности. Рассматриваются такие когнитивные функции, как восприятие, ощущение, внимание, память, воображение, речь,

которые играют важную роль при формировании креативного мышления. На сегодняшний день снижение когнитивных функций у людей является барьером для развития креативного мышления. Целью данной статьи является анализ причин снижения когнитивных функций, предложены рекомендации по устранению данных причин и развитию когнитивных способностей. Обосновывается взаимосвязь мышления с когнитивными функциями, отражающая деятельность мозга как единой целостной структуры. Отмечаются такие стороны когнитивных функций, как имплицитность, значимость, селективность и зависимость. Выдвигается идея обучения учащихся и студентов в учебных заведениях не только предмету, но и умениям слушать, запоминать, концентрировать внимание, решать проблемы.

Ключевые слова: креативное мышление, когнитивные функции, восприятие, внимание, память, воображение, имплицитность, значимость.

Авторлар туралы мәлімет:

Суюндикова М.К. – корреспондентия үшін автор, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті «Психология және педагогика» кафедрасының докторанты, Ломов көш., 64, Павлодар, Қазақстан.

Жуматаева Е. – педагогика ғылымдарының докторы, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті «Психология және педагогика» кафедрасының профессоры, Ломов көш., 64, Павлодар, Қазақстан.

Suyundikova M.K. – Corresponding author, Ph.D. student in Psychology and Pedagogy at S. Toraighyrov Pavlodar State University, Str.Lomov, 64, Pavlodar, Kazakhstan.

Zhumatayeva E. – Doctor of Pedagogy, Professor of Psychology and Pedagogy Department, S. Toraighyrov Pavlodar State University, Str.Lomov, 64, Pavlodar, Kazakhstan.